

Ата-аналарға (заңды өкілдеріне) және отбасы жағдайында тәрбиеленетін балаларға арналған консультациялық пункт туралы

ЕРЕЖЕ

1.1. Отбасы жағдайында тәрбиеленетін балалар ата-аналарына (заңды өкілдеріне) арналған консультациялық пункт мектепке дейінгі білім беру бағдарламасын іске асыратын Павлодар қаласы, Аққулы ауданы білім беру бөлімінің «Бекмұрат Уахатов атындағы жалпы білім беретін орта мектеп» жанындағы «Балдәурен» шағын орталығында ұйымдастырылады.

1.2. Консультациялық пункт мектепке дейінгі білім беру бағдарламасын іске асыратын білім беру мекемесінің құрылымдық бөлімшесі болып табылады.

1.3. Консультациялық пункт ата-аналар (заңды өкілдеріне) және білім беру мекемесіне бармайтын балалар үшін жасалады.

1.4. Осы ереже мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде (бұдан әрі - МДБМ) жұмыс істейтін Консультациялық пункттер қызметтерін реттейді.

1.5. Консультациялық пункт мектеп жасына дейінгі балалар тәрбиесі мен дамуында отбасыға көмек көрсету нысандарының бірі болып табылады.

2. Консультациялық пункттің жұмыс істеу мақсаттары мен міндеттері

2.1. Консультациялық пунктті отбасы мен қоғамдық тәрбиенің бірлігін және келісімдігін қамтамасыз ету, ата-аналарға (заңды өкілдеріне) психологиялық-педагогикалық көмек көрсету, білім беру мекемелеріне бармайтын балалардың жан-жақты дамуына демеу болу мақсатында құрылады.

2.2. Консультациялық пункттің негізгі міндеттері:

МДБМ бармайтын балалардың дамуы үшін жағдайды қамтамасыз етуде, ата-аналарға (заңды өкілдеріне) жан-жақты көмек көрсету;

Мектеп жасына дейінгі баланың тәрбиесі, оқытуы мен дамуының әртүрлі мәселелері жөнінде ата-аналарға (заңды өкілдеріне) жан-жақты көмек көрсету;

МДБМ бармайтын, мектеп жасына дейінгі балалардың әлеуметтенуіне көмек көрсету;

МДБМ және балалар мен ата-аналарға (заңды өкілдеріне) әлеуметтік және медициналық жәрдем беретін өзге де ұйымдар арасында өзара әрекеттестік қамтамасыз ету болып табылады.

3. Консультациялық пункт қызметін ұйымдастыру

3.1. МДБМ-де қажетті консультациялар, ата-аналар (заңды өкілдерінің) сұранысы бойынша жеке және топтық консультациялар беру, жазбаша өтініш, телефонмен хабарласу, консультациялық пункт қызметінің негізгі нысандары болып табылады.

3.2. Консультациялық пункт ата-аналарға (заңды өкілдеріне) өзінің консультациялық көмегін мынадай мәселелер бойынша жүзеге асыра алады:

Балалардың жас және психикалық ерекшеліктері;

Мектепте оқуға дайындық;

МДБМ-не бармайтын, мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу бұзылуын алдын алу;

Балалардың шынығуы мен сауықтыруы үшін жағдай жасау.

3.3. Консультациялық пункт айына 1 рет консультация түрінде және әр апта сайын телефондар:бойынша хабарласып, керекті ақпаратты алып немесе өз проблемаңызды хабарлауыңызға болады.

3.4. Ата-аналарға (заңды өкілдеріне) психологиялық-педагогикалық көмекті ұйымдастыру мамандар: әдіскер, (аға тәрбиеші), басшы, медициналық қызметкер бірлестігі негізінде құрылады.

Ата-аналарға (заңды өкілдеріне) консультация беру бір немесе бірнеше өкілдерімен бір уақытта өткізілуі мүмкін.

3.5. Консультациялық пункттің қызметін белгілеу үшін мынадай құжаттарды жүргізу қажет:

Консультациялық пункттің жұмыс жоспары;

МДБМ басшысымен бекітілген Консультациялық пункттің жұмыс кестесі.

**Балаларыбілім беру мекемелерінебармайтын,
ата-аналарғаарналғанконсультациялық пункт**

Құрметтіата-аналар!

Павлодар қаласы, Аққұлыауданыныңбілім беру бөлімінің
«БекмұратУахатоватындағыжалпы орта білімберетінмектеп» жанындағы
«Балдәурен» шағынорталығындабалаларыбілім беру
мекемелерінебармайтын, ата-
аналарғаарналғанконсультациялықпункташылды.

Егерсіздіңбалаңызбалабақша не
болмасашағынорталыққабармайдыжәнесіздебаланыңтәрбиесі мен
дамуынабайланыстысұрақтарыңызболса, ондаСізбіздіңконсультациялық
пункте келіп, баланыңтәрбиесі мен оқытуыжәнедамуы мен
сауықтырумәселелерібойынша ,медбикеден, психолог пен
тәрбиешілерденконсультациялықжәнетәжірибеліккөмекалуларыңызғаболады

Біздіңконсультацияларата-аналарғапсихологиялық-
педагогикалықкөмеккөрсету, баланыңжан-
жақтыдамуынажәрдемдесугебағытталған.

Консультациялықпунктімамандарыныңжұмыскестесі

№	Маманның Т.А.Ә. қызметі	Консультацияның өткізілу күні мен уақыты
«Балдәурен» шағын орталығы	С.Қ. Шакиева - Шағын орталық тәрбиешісі Кабдиева М.С - медбике	Сәрсенбі,жұма 09.00-ден 10.00 –ге дейін
«Балдәурен» шағын орталығы	С.Қ. Шакиева - Шағын орталық тәрбиешісі М.С.Салимова - психолог	Сәрсенбі, жұма 17.00-ден 18.00-ге дейін

Консультациялық пунктте көмек ТЕГІН көрсетіледі!

«Бекмұрат Уахатов атындағы жалпы орта білім беретін мектеп» жанындағы
«Балдәурен» шағын-орталығы

АҚЫЛ-КЕҢЕС БЕРУ ПУНКТИ

(АТА-АНАЛАРҒА АРНАЛҒАН)

2025-2026 жыл